УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз)-5
Қ17

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды

Қ17 ҚАЗАҚ ӘНДЕРІ. Құраст. **М. ІЛИЯСОВ** – Алматы: ҚАЗақпарат, 2013.

ISBN 978-601-03-0198-6

Т. 3: – 380 бет.

ISBN 978-601-03-0201-03

Бұл жинаққа Кеңес дәуірінен бастап қазіргі егемендік алған кезеңге дейінгі қазақ сазгерлерінің көпшілік арасында кеңінен таралып, жиі орындалып жүрген әндері еніп отыр.

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз)-5
Қ17

К_199321

«ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ»ММ
КІТАПХАНА
БИБЛИОТЕКА
КАЗАХСКАЯ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОНСЕРВАТОРИЯ ИМ. КУРМАНГАЗЫ»

**© «ҚАЗақпарат» баспасы, 2013**
© «Өнер» баспасы, 1990
Халық әндерінің антологиясы I, II том
© «Қайнар» баспасы, 1993, Ауыл кеші көңілді
© «Жазушы» баспасы, 2000, Халық әндері. I, II, III том
© «ҚАЗақпарат» баспасы, 2005-2007, Қазақ музыкасы. Антология I-VII томдар.

ISBN 978-601-03-0201-03
ISBN 978-601-03-0198-6

# ЛАТИФ ХАМИДИ

## ҚАЗАҚ ВАЛЬСІ

*Сөзі Сәбит Мұқановтікі*

**Май туса, гүлдер шешек атса жазда,**
**Тоғайда бұлбұл, көлде аққу, қаз да.**
**Сайраса, біз жастар да нақ солардай,**
**Бақытқа бөленеміз, сауық назға.**

*Қайырмасы:*

**Бақыт нұрға,**
**Оранса жер, аспан.**
**Біздің жыр да,**
**Бар жырға ұласқан.**
**Махаббатты жырлаймыз біз —**
**Жастар, жастар, жастар.**

**Сарқырап асау бұлақ ақса құздан,**
**Алтын күн күлімдесе көкте қызған.**
**Біз жастар күн нұрынан қуат алып,**
**Жайнаймыз жарығырақ жұлдыздардан.**

*Қайырмасы.*